ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 19-желтоқсан Іс №1513-23-00-2/2665 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.А.Казтуганова,
сот отырысының хатшысы А.Абдуалиева отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Техэлектро-Казахстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Клиннес» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
прокурор З.Тулебаева
жауапкердің өкілі Г.Е.Сердалина
үшінші тұлғаның өкілі А.Н.Коломийчук

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Бір көзден сатып алу тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде талап қоюшы (тапсырыс беруші) және жауапкер (орындаушы) арасында 2021 жылдың 20 маусымында қырылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасақталған.

Шарт бойынша жауапкер жалпы сомасы 216 720 000 теңгеге Ақтөбе қаласының аумағында автомобиль жолдарын жазғы мерзімде күту (Мәскеу ауданы) жұмыстарды шарттың аяғына дейін орындауға міндеттенген.

Шарттың Қазынашылық органында тіркелгендігі 2021 жылдың 28 маусымдағы хабарламамен расталады.

Тараптардың арасында 29.12.2021 жылғы №210301/01, 11.04.2022 жылғы №210301/02, 28.12.2022 жылғы №210301/03, 13.04.2023 жлығы №210301/04 қосымша келісім шарттар жасалған.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 162 822 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкердің өкілі пікірі бойынша шартпен көзделген жұмыстар толығымен орындалғанын, «Клиннес» ЖШС-нің арасында жасалған техниканы жұмысшылары мен жалға беру келісім шартт жасалғаны ескеріп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Тала қоюшы сот отырысын қатысуынсыз қарауды сұраған.

Жауапкердің өкілі сот отырысында талап қоюға келтірген пікіріндегі дәлелдемерді қолдады, қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Үшінші тұлғаның өкілі жауапкермен арасында шарт жасалғаны деп айтылды.

Прокурор талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 72-бабына сәйкес (әрі қарай–АПК), әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні

Құжатқа қол қойылған: Каштуганова Б. А., 26.12.2023

мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 43 бабының 23 тармағына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген жасалған шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шарт орындалды деп есептеледі.

Азаматтық іс материалдарынан мынадай негізде жасалған шарттың талаптары шарттың талаптарына сәйкес орындалуға жататын міндеттемелерді қабылдады.

Бұл ретте жұмыстардың атауы, оның нақты техникалық сипаттамалары мен құны, жеткізу мерзімі мен тәртібі, оған ақы төлеу тәртібі шартта және оған қосымшаларда көрсетіледі.

Орындаушы осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмысты (жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал тапсырыс беруші орындалған жұмысты (жұмыстарды) қабылдауға және орындаушы шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетті.

Конкурстық құжаттамаға №2-2 қосымша сатып алынатын құрылысқа байланысты емес техникалық ерекшелігі бойынша келесідей деп көрсетілген.

Мердігер жүйеге рұқсат берілген сәттен бастап әрбір жұмыс түрі бойынша технологиялық карталарға сәйкес орындалған жұмыстың көлемін күн сайын тіркеуге міндетті. Мердігер жүйеде жұмыс істеуге және орындалған жұмыс көлемін растау үшін фото-бейне тіркеу және геолокация көмегімен жұмыстардың электрондық журналын жүргізуге міндетті.

Алайда, жауапкермен жоғарыда аталған құжаттарды сотқа ұсынбаған.

Сотта анықталғандай тараптардың арасында 2023 жылда: 10 759 796,04 теңгеге (15 мамыр-15 маусым), 5 506 455,25 теңгеге (16-30 маусым), 7 500 319,89 теңгеге (1 шілде-15 шілде), 6 720 049,45 теңгеге (16-31 шілде), 6 720 049,45 теңгеге (1-15 тамыз), 6 720 049,45 тңгеге (16-31 тамыз) актілеріне қол қойылған.

Сотта жауапкермен 7 753451 теңгеге жұмыстар орындалмаған, тараптардың арасында актілеріне қол қойылмаған.

Жауапкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемені ішінара орындаған, бұл жағдайда талап қоюшы үшін жағымсыз салдары туындаған.

Шарттың 4.1 тармағына сәйкес орындаушы шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге.

Өнім беруші мемлекеттік сатып алуға қатыса отырып, жасалатын шарттың талаптары туралы білді және оны техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес белгілінген мерзімде орындауға міндетті болды

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 26.12.2023

Талап қою талабына қарау кезінде сот өнім берушіге қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындау міндеті жүктелген шартың ережелерін ескереді.

Жауапкердің үшінші тұлғамен шарт жасалғаны жұмыстардың тиісінше орындалуы туралы дәлелдері міндеттемелердің орындалуын растау болып табылмайды.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Занның 43-бабы 23-тармағына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 8.3. тармағына сәйкес, жұмыстардың орындау мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауға тиіс.

АПК-нің 225-бабының 2 бөлігіне сәйкес сот істі талап қоюшы мәлімдеген талаптар шегінде шешеді.

Құжатқа қол қойылған: Каztуганова Б. А., 26.12.2023

Талап қоюшы ұсынған 2023 жылғы 5 қыркүйек-25 қыркүйек 162 822 теңге көлеміндегі (7 753 451 теңге х 0,1% х 21 күн) тұрақсыздық айыбының мөлшерін сот дұрыс деп санайды.

Бұл ретте, талап қоюшының жауапкерден тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақтөбе қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қою қанағаттандырылсын.

«Техэлектро-Казахстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігің мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Техэлектро-Казахстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 162 882 (бір жүз алпыс екі мың сегіз жүз сексен екі) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

«Техэлектро-Казахстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджет пайдасына 6 611 (алты мың алты жүз он бір) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.А.Казтуганова

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 26.12.2023

1513-23-3-1/3038